


# 1 ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



# МЕРКІ ТЫҢЫСЫ

МЕРКЕНСКИЙ ВЕСТНИК

Меркі аудандық газеті (Жамбыл облысы) • Газет 1934 жылғы 15 қыркүйектен бастап шығады



№111  
/10493/  
сәрсенбі,  
31 тамыз  
2016 жыл

## Аудан әкімі Мейірхан Өмірбековтың 1 қыркүйек – Білім күні мерекесімен

### ҚҰТТЫҚ ПАУЗЫ

Құрметті ұстаздар, оқушылар мен бүлдіршіндер!  
Баршаңызды 1 қыркүйек – Білім күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев өзінің өткен жылғы халыққа арнаған Жолдауында «Нұрлы жол» – жаңа экономикалық саясат – әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына бару жолындағы біздің ауқымды қадамымыз», – деп атап көрсеткен болатын. Елбасы әлемдегі дамыған отыз елдің қатарына кіруді мақсат етіп белгілеп, ұлттық білім берудің барлық буындарының сапасын жақсарту міндетін алға қойып берді.

Қоғамымыздың болашағы – жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге мемлекеттік деңгейде көрсетілген қамқорлық пен қолдау аясында ауданымызда жаңа мектептер салу, мектепке дейінгі оқумен және тәрбиемен қамту мекемелерінің, жалпы білім беретін мектептердің материалдық-техникалық базасын жетілдіру, оларды жабдықтау мәселелері нақты шешімін табуда.

Ұлт жоспарының 89-қадамында: «Мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламасына «Мәңгілік Ел» құндылықтарын енгізу» тапсырмасы белгіленді. Біздің алдымызда адамгершілігі жоғары азаматты және өз Отанының патриотын «Мәңгілік Ел»

жалпыұлттық патриоттық идеясының құндылықтары негізінде тәрбиелеу міндеті тұр. Осы орайда, аудандық білім бөлімінің «Мәңгілік ел» тәрбие және білім беру орталығы жоспарлы жұмыс атқаруда. Әр мектепте «Көшбасшылар мектебі» құрылып, патриоттық акциялар, байқаулар, кездесулер ұйымдастырылуда.

Міне, тағы бір жаңа оқу жылы келіп жетті. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Ұлттық жоспар қадамдарының талаптарына сай, еліміздің білім беру ісі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдердің стандарттарына бағдарлану керектігі негізгі басымдыққа қойылып отыр. Баланың функционалдық сауаттылығын дамыту арқылы кәсіби білікті маман болып қалыптасатын, елжанды, отансүйгіш өскелең ұрпақ өсіру – баршаңыздың басты міндетіміз.

Қадірлі ұстаздар!

2016-2017 оқу жылының 1 қыркүйегі күні аудан мектептерінде өткізілетін «Мен өз Отанымның патриотымын» тақырыбындағы алғашқы сабақтарыңызға сәттілік және баршаңызға шығармашылық табыс, зор денсаулық тілеймін. Өскелең ұрпақты еліміздің нұрлы болашағына бастайтын қажырлы еңбектеріңіз жемісті болсын! Мереке құтты болсын!

### Мұғалімдердің тамыз конференциясы

## БІЛІМДІ ЕЛ – МӘҢГІ ЕЛ

26 тамыз, жұма күні, аудандық Мәдениет үйінде білім беру қызметкерлерінің аудандық тамыз кеңесі «Білімді ел – мәңгі ел» тақырыбында болып өтті.

Дестүрлі тамыз мәслихатын қысқаша сөз сөйлеп ашқан аудан әкімі Мейірхан Азатұлы Өмірбеков, ең алдымен, жаңадан жұмысқа қабылданған жас ұстаздарға еңбек кітапшаларын

ынтымақтастық даму ұйымдары (ЕЫДҰ) елдері стандарттарының негізінде адам капиталының сапасын көтеру, 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізу, функционалдық сауаттылықты дамыту

аудандық комитетінің төрайымы Ғалия Қажығалиева және облыстық білім басқармасының өкілі Гүлзира Дәрибаевалар шығып, білім саласының маңызды жақтары мен кездесіп қалатын түйткілді мәселелер туралы әңгімеледі.

Салиқалы кездесуде 2015-2016 жылдың қорытындысында жақсы көрсеткіштерімен дараланған №5 «Ақарал» ОМ-нің, №39 Т.Қожакеев



Залдан көрініс

С.Есенов

табыс етті. Олар: №17 Трубицын атындағы ОМГ-ның математика пәнінің мұғалімі Т.Тұрсынова, №16 ОМ химия пәнінің мұғалімі Фариза Нұрланова, №5 Ақарал ОМ-нің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Сабира Каримова, №20 ОМ-нің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Салтанат Исақ және №48 ОМ-нің тарих пәнінің мұғалімі Нұрбол Серіков.

Баяндама жасау үшін сөз аудан әкімдігі білім бөлімінің басшысы Сәкен Есеновке берілді.

– «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарының 76-қадамында еліміздегі білім беру ісінің даму бағыты айқын белгіленді. Онда «Еуропалық

үшін мектептегі оқу стандарттарын жаңарту» міндеттері белгіленген, – деді Сәкен Берібайұлы. – Әлемдегі жаңа технологиялар жетістігі еліміздің білім беру жүйесін жаңғырту талабын қойып отыр. Қазақстандық білім беру жүйесін жаңғыртудың қазіргі заман кезеңі әрбір адамның мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі сапалы білімге қолжетімділігін, олардың зерттеу және шығармашылық күзіндеттерін дамытуды көздейді, – деді баяндамашы.

Жарыссөзге аудандық мәслихат депутаты Жанат Оспанова, Меркі ауылдық округінің әкімі Есбол Қосақов, білім қызметкерлері кәсіподағы

атындағы ОМГ-ның, №17 Трубицын атындағы ОМГ-ның, №9 Савва атындағы ОМ-нің және №44 ОМ-нің басшылары ұлағатты ұстаздарымен бірге сахна төріне шақырылып, құрмет көрсетілді. Сонымен қатар, кеңесте жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде уақыт талабына сай ұйымдастырып, үлгі көрсете білген басшылар, ұстаздар және кәсіподақ жұмыстарының көшбасшылары түрлі деңгейдегі Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттармен марапатталды.

(Білім бөлімінің басшысы Сәкен Есеновтың баяндамасының қысқартылған мәтінін газетіміздің 2-бетінен оқи аласыздар).

## ТАҒАЙЫНДАУ



Меркі ауданы әкімінің 2016 жылғы 26 тамыздағы №547-ө өкімімен Әбжапаров Бақытхан Жаханұлы Меркі ауданы әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды.

Бақытхан Жаханұлы 1961 жылы Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Ленинжол ауылында дүниеге келген. 1982 жылы Еңбек Қызыл Ту орденді Абай атындағы Қазақ педагогика институтын «математика», 1990 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын «еңбек экономикасы» және 2006 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «заңтану» мамандықтары бойынша бітірген.

Бақытхан Жаханұлы алғашқы еңбек жолын 1982-1985 жылдары Алматы қаласындағы педогогикалық училищеде математика пәнінің оқытушысы болып бастаған. 1985-1992 жылдары Қазақстан ЛКСМ Шу қалалық комитетінің бөлім меңгерушісі, екінші, бірінші хатшы, 1992 жылдың мамыр-желтоқсан айларында «Агропромсоюз» жекеменшік шағын кәсіпорнының бас директоры, 1992-1994

жылдары «Балауса» жекеменшік шағын кәсіпорнының директоры, 1994 жылдың маусым-қыркүйек айларында Алматы қаласы әкімшілігінің бас маманы, 1994-1999 жылдары «Интеграл» базары жекеменшік шағын кәсіпорнының директоры, 1999-2002 жылдары Тараз қалалық архитектура және қала құрылыс басқармасының экономисі, 2002 жылдың наурыз-желтоқсан айларында Жамбыл облысы әкімдігінің жеке салық төлем агенттігінің бас маманы, 2002-2004 жылдары Тараз қалалық статистика бөлімінің бастығы, 2004-2005 жылдары Тараз қаласы әкімі аппаратының жетекшісі, 2005-2007 жылдары Тараз қаласы әкімдігінің қаржы бөлімінің меңгерушісі, 2007-2008 жылдары Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы басшысының орынбасары, 2008-2010 жылдары Жамбыл облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бастығы, 2010-2011 жылдары Жамбыл облысы әкімдігінің туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы бастығының орынбасары, 2011-2014 жылдары «Казатомпром» Ұлттық Атом компаниясы АҚ-ның «Казатомпром – Демеу» ЖШС бас директорының орынбасары, 2014-2015 жылдары Алматы қаласы әкімдігінің энергетика және коммуналдық шарушылық басқармасының «Алматы Су Холдинг» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының өндірістік-экономикалық бөлімінің бастығы, 2015 жылдан 2016 жылдың маусымына дейін «КПМ-Пласт» ЖШС-нің полиэтилен құбыр өндіру зауытының басқарушы директоры лауазымын атқарып келген.

Отбасылы, 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп, өсіруде.

## ТАҒАЙЫНДАУ

Меркі ауданы әкімінің 2016 жылғы 26 тамыздағы №546 өкімімен Қасым Марат Жарылқасынұлы Меркі ауданы әкімінің орынбасары міндетін атқаруға қабылданды.

Марат Жарылқасынұлы 1975 жылы Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Меркі ауылында дүниеге келген. 1996 жылы Құлан ауылшаруашылық колледжін «Зоотехния» мамандығы және 2004 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «Қаржы және несие» мамандықтары бойынша бітірген.

Марат Жарылқасынұлы алғашқы еңбек жолын 1992 жылы Ойтал ауылындағы «Ботагөз» балабақшасының жұмысшысы болып бастап, 1996 жылға дейін жұмыс атқарған. 1998-2007 жылдары Ойтал кенттік әкімі аппаратының қаржы агенті, 2007-2008 жылдары Меркі ауылдық округі әкімінің орынбасары, 2008



жылдан бастап бүгінгі күнге дейін «Нұр Отан» партиясының Меркі аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары лауазымын атқарып келген.

Отбасылы, 4 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсіруде.

# БІЛІМДІ ЕЛ – МӘҢГІ ЕЛ

**(Аудан әкімдігі білім бөлімінің басшысы С.Б.Есеновтың білім қызметкерлерінің тамыз кеңесіндегі баяндамасынан)**

Ауданымыздағы 16 балабақша мен 11 шағын орталықта 2392 бала тәрбиеленіп, мектепке дейінгі тәрбиенен қамтылғандар үлесі 1-6 жас аралығында – 34,4 пайызды, 3-6 жас аралығында – 51 пайызды құрады. Облыстық деңгейде балаларды мектепке дейінгі тәрбиенен қамту – 53,4 пайыз. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиенен қамту үлесін арттыру бағытында өлі шешілуі тиіс мәселелер жоспарлы түрде оң нәтижелерін беретін болады.

Былғы жылы балабақшалардың педагогтары жақсы табыстарға қол жеткізді. «Балдәурен» балабақшасының меңгерушісі Г.Байұзақова «Қазақстанның білім беру саласындағы озат адамдары» жинақ-энциклопедиясына енді. №1 орта мектеп жанындағы «Нұрлыбақ» шағын орталығының тәрбиешісі Ұ.Маналбаева «Ең үздік тәрбиеші», «Бөбек» балабақшасының әдіскері Г.Абдрасилова «Үздік әдіскер» атанып, облыстық байқауларда өздерінің кәсіби жоғары біліктіліктерін дәлелдеді. Республикалық IQ «Үркер» интеллектуалдық байқаудың «Зияткерлік балабақша» кубогін «Нұршауақ» балабақшасы жеңіп алды.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе», – деп ұлы жазушы М.Әуезов айтқандай, бүгінгі мектеп партасына келетін бала балабақша қабырғасынан ойлаудың негізін қалыптастырып келуі тиіс екенін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие саласының атқарар істері одан әрі жалғасын таба берері анық.

Ауданның білім беру ұйымдарында 1846 жоғары білімді, 152 арнаулы орта білімді, оның ішінде, 521 – жоғары санатты, 544 – бірінші санатты, 501 – екінші санатты мұғалім қызмет етті. Олардың ішінде 6-уы – жас маман, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы аясында педагогикалық еңбек жолдарын бастады.

2015-2016 оқу жылында аудандағы 38 жалпы білім беретін күндізгі мектептерін 14934 оқушы, сырттай оқытатын мектепті 183 оқушы аяқтап, оның ішінде 680-і күндізгі, 69-ы сырттай оқытатын орта мектепті бітіріп, аттестаттарын алды.

Мектеп жасындағы балаларды оқумен қамтудың қолжетімділігі жоғарылады. Атап айтқанда, мектеп оқушылары түгел дерлік оқулықтармен қамтамасыз етіліп, мектебі жоқ 8 елді мекеннен 381 оқушы тасымалданып, оқумен қамтылса, 4 елді мекеннен 58 оқушы №13 орта мектеп жанындағы интернатта оқып, тәрбиеленді. Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген тәртіппен ауданның жалпы білім беретін мектептерінің 29-ы, яғни 76,3 пайызы білім алушыларға ақылы және тегін негізде тамақтандыруды ұйымдастырды. Мектеп жасындағы оқушыларды бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету 36,4 пайызды құрады, яғни, 5428 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Жалпы, білім беру ұйымдарында өлеуметтік көмек алуға құқығы бар білім алушылардың жекелеген санаттарына жататын 685 оқушы 100% тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр. Оқу жылында мүмкіндігі шектеулі балалардың орта білім алулары үшін жағдай жасау, олардың білім алу құқығы басты назарда болды. Даму мүмкіндігі шектеулі 179 бала үйде оқумен қамтылып, 62 оқушы инклюзивті білім алды.

Балалардың жазғы демалысы мен оларды сауықтыру жұмыстары «Жаз» бағдарламасы аясында мақсатты ұйымдастырылды. 14242 бала (87 пайыз) жазғы демалыспен қамтылып, 10384 бала, тамақ ішуді ұйымдастырмайтын, мектеп жанындағы лагерлерде демалды. Аз қамтылған отбасылардан шыққан әр балаға бюджет есебінен 2 мың теңге бөлініп, 585 оқушы тегін тамақтанды. «Жұлдыз» сауықтыру лагерінің I ауысымында аз қамтылған отбасылардан 100 бала тегін демалса, II және III ауысымда 200 оқу үздіктері мен дарынды балалар демалысқа тартылды. Жергілікті бюджеттен лагер балаларының тамақтануына 5 млн. 400 мың теңге жұмсалды.

2015-2016 оқу жылында зияткерлік деңгейі жоғары, осы заманғы терең білім алушы, рухани өрені білімнен іздеген оқушыларымыз түрлі деңгейдегі өнер сайыстарына, олимпиадалар мен

байқауларға қатысып, жеңістерге жетті. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңіне 35 оқушы қатысып, №4, 5, 9, 16, 17, 20 орта мектептерінің оқушылары қазақ тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы, орыс тілі мен әдебиеті, химия, биология, география, құқық пәндерінен облыстық олимпиада жүлдегерлері атанды. Сәуір айында Өскемен қаласында өткен республикалық Қ.Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиеті олимпиадасына №17 ОМГ оқушысы Ж.Түрікменбаева қатысты. Қазақстан тарихы және құқық пәнінен өткен облыстық олимпиадада №4,5,1,39 ОМ оқушылары терең білімдерін дәлелдеді. №39 ОМГ-ның 10-оқушысы Ә.Айдарбаева (мұғалімі Н.Нарикбаева) Ә.Бөкейхановтың 150 жылдығына орай өткізілген «Ә.Бөкейханов-Алаштың ардақты арысы», ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Болашағы Біртұтас елдің жас ғалымымын» ғылыми жоба жарыстарында №17 ОМГ оқушылары Н.Темірболат, Т.Өмірзақова (мұғалімі Р.Жанаханова) I дәрежелі, №22 ОМ оқушысы Ж.Жоран (мұғалімі

айтыс өнеріне баулуудан нәтиже болатынын дәлелдеді. Оқу жылы ішінде «Ғұмырдария» орталығы ұйымдастырған мөнерлеп оқу, ақындық өнер, ән байқауларына қатысқан №5, 9, 13, 16, 17, 20, 39 орта мектептерінің оқушылары жүлделермен оралды. Бастауыш сыныптағы балғын шәкірттеріміздің де жетістіктері бар. Атап айтқанда, «Мен зерттеуге үйренемін» ғылыми жоба жарысында №7,5,17,21,35,39 оқушылары зерттеу жұмыстары үшін дипломдармен марапатталды. Балалар мен жасөспірімдер сарайының «Жібек жолы» би ансамблі Түркияда өткен халықаралық фестивалда лауреат атанды. Шәкірттеріміздің халықаралық деңгейдегі жетістіктері қуантады, атап айтқанда, №17 ОМГ-ның 10-сынып оқушысы Мирзакир Құндыз химия пәнінен Кореяда өткен халықаралық ғылыми жоба байқауына қатысып, I орынды иеленді. №1 Саз мектебінің оқушысы Асаналы Альмерей халықаралық фольклорлық күшілер байқауынан Москва қаласында 2 орын, Болгария мемлекетінің Приморск және Китен қалаларында I орынға ие болып, медальмен марапатталып қайтты.

олимпиаданың, №17 ОМГ-ның тарих пәні мұғалімі М.Айнақұлова «Үздік Дінтану негіздері пәні мұғалімі» байқауының, №17 ОМГ, №5 ОМ-нің физика пәні мұғалімдері Ж.Манкеева мен Қ.Қалманбетова шығармашылық байқаудың, №9 ОМ-нің, №39 ОМГ-ның физика-математика пәні мұғалімдері Н.Алтаев, Т.Журавлева, №48 ОМ-нің география пәні мұғалімі Г.Рахымова, №18 орта мектептің биология пәні мұғалімі Ұ.Ермекбаева «Үздік сабақ» байқауының, №5 орта мектебі директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары А.Алтынбаева «Ғылыми-әдістемелік жұмыстың үздік үлгісі» байқауының, №12, №5 ОМ бастауыш сынып мұғалімдері Д.Бейсеналиева мен М.Бекасылова «Менің кәсіби жетістіктерім» байқауының жеңімпаздары атанды. №2, №14, №5, №21 орта мектептері мұғалімдерінің «Фибрат» командасы «Абай – заман тынысы, халық үні» шығармашылық байқауында жүлделі II орынды иеленді. Авторлық бағдарламалар бойынша «Қарлығаш» балабақшасының әдіскері А.Мүсірәлиева, №39 ОМГ-ның тарих пәні мұғалімі

құрылып, патриоттық акциялар, байқаулар, кездесулер ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 89-қадамын орындау мақсатында енгізілген 6-сыныптағы «Мәңгілік Ел» курсы – 1396, 7-сыныптағы «Көшбасшылық мектебі» курсы – 1258 оқушы оқыды. Мектеп оқушылары бойынша діни сауаттылықты қалыптастыру мақсатында оқу үрдісіне енгізілген «Дінтану негіздері» факультативтік сабағына 1367 оқушы тартылды. Барлық білім беру ұйымдарында дін ықпалына түскен мектеп оқушыларының діни көзқарасын дұрыс жолға бағыттау жұмыстары жоспарлы жүргізілуі қажет. Бүгінгі күнде 16 қыз бала діни киімдермен мектепке келіп жүрді. Сондықтан, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мектеп оқушыларына біріншілік мектеп формасын тағайындауына байланысты, мекеме басшылары, сынып жетекшілер жоғарыдағы оқушылармен түсіндіру жұмыстарын сауатты жүргізуге міндетті.

Мектеп жұмысының нәтижесі мемлекеттің экономикасының қарқынды дамуына үлес қосатын оның түлектерінің білім сапасымен анықталатын қазіргі кезде ҰБТ қорытындысының атқаратын маңызы ерекше екені баршаға аян. 2016 жылғы ҰБТ қорытындысына сай орташа ұпай көрсеткіштерін өсіру арқылы өткен жылмен салыстырғанда, жоғары білім сапасына қол жеткізген №5 «Ақарал», №39 Т.Қожақеев атындағы, №17 Трубицын атындағы, №44, №9 ОМ ұжымдарын (суретте) атап кетуге болады.

...2004 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша енгізілген ҰБТ өз міндетін орындады деп бағаланып, 2017 жылғы түлектер үшін ҰБТ 2 рәсімге бөлініп, өткізілетіні белгіленуде. Атап айтқанда, мемлекеттік емтихан түрінде мектептерде қорытынды аттестаттау және таңдаған мамандығына байланысты 14 пәннің ішіндегі 2 бейіндік пән бойынша арнайы тест орталықтарында ҰБТ өткізіледі. ҰБТ-ны қайта тапсыру құқығы сақталып қала береді. ҰБТ-ның осы жаңа форматы 2016 жылдың 1 қазанына дейін талқыланып, қорытындысына сай соңғы шешім қабылданады деп күтілуде.

**Құрметті әріптестер!**

Ағымдағы жағдайды талдай келе жаңа оқу жылында жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін ерекше назар аударуды және тиісті шаралар қабылдауды талап ететін мынадай міндеттерді шешуіміз қажет:

- білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында 2017 жылы білім сапасын арттыру, үлгерімі «жақсы» және «өте жақсы» оқушылардың үлесін 62 пайызға жеткізу;
- 2017 жылы педагогтардың жалпы санынан жоғары және бірінші біліктілік санаты бар педагогтардың үлесін 52 пайызға көбейту;
- жыл қорытындысы бойынша төмен нәтиже көрсеткен мектептердің санын азайту;
- мектептегі білімді табысты аяқтағанын растайтын мектеп түлектерінің үлесін көбейту жүктеледі. Ағылшын тілін білетін пән мұғалімдеріне қажеттілік жоғары болып калуда, сондықтан физика, химия, биология және информатика пәндерін ағылшын тілінде оқыту әдістемесі бойынша мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру;
- тәрбие саласын адамгершілік құндылықтарды, ұлттық-мәдени дәстүрлерді нығайтуға және ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ, өз Отаны үшін жауапкершілік алуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру;
- мектеп оқушыларының бойында «Мәңгілік Ел» жалпұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;
- ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру;
- тәрбие беру үрдісінің басты саласы – құқықтық тәрбие бағытындағы жұмыстарды жандандыру – келесі оқу жылының басты міндеті болмақ.



Б.Дабылтаева) III дәрежелі дипломдармен, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – тірегіміз, теберігіміз» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция аясында өткізілген ғылыми жоба байқауында №15 ОМ оқушылары С.Байболат (мұғалімі Р.Оразқұлова), Д.Серік (мұғалімі Г.Мұхатаева) жобалары I дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Оқушыларды сөз өнеріне баулуы көздеген республикалық «Ақбөрен» байқауының облыстық кезеңінде аудан командасын құрайтын – №2, №2, 9, 16, 17, 39 орта мектептердің оқушылары командалық есепте I орынға қол жеткізіп, №2 орта мектептің оқушысы А.Қанат және №17 ОМГ оқушысы А.Аспетов республикалық байқауда алтын медальмен марапатталды.

Халықаралық КАТЕВ олимпиадасының республикалық кезеңіне қатысқан №17 ОМГ оқушысы Ә.Джафаров (мұғалімі Н.Бектігулова) күміс медальді иеленіп, Тараз педагогикалық институтының білім грантын жеңіп алды. Қыркүйек айында республикалық «Абай оқуларында» №2 орта мектебінің 9-сынып оқушысы Д.Қанат (мұғалімі Ә.Бабалиев) 340 өлеңді жатқа оқып, I орын иеленді. Сәуір айында №28 орта мектебінің 7 сынып оқушысы Д.Ермек, №9 орта мектебінің оқушысы А.Есмағамбетова облыстық Абай оқуларында жүлделі II, «Аспара» орта мектебінің 9-сынып оқушысы Р.Қанат Махамбет оқуларында I орынды жеңіп алды. Өзге ұлт оқушылары арасында өткен облыстық Абай оқуларында №17 Трубицын атындағы ОМГ-ның оқушысы Е.Мракина III орын иеленді.

«Дені сау, саламатты ұрпақ – ел келешегі». Мектеп оқушылары спортта нәтижелі көрсеткіштер көрсетіп, салауатты өмір салтын ұстанатындарын дәлелдеді. №13 орта мектебінің оқушысы Ж.Жартыбай жеңіл атлетикадан облыс чемпионы. №1 орта мектеп оқушысы П.Таиров кедергілер арқылы жүгіруден, Б.Жексен бокстан Қазақстан Республикасының чемпиондары атанды. Шахмат, еркін күрес бойынша ауданның құрама командасы – облыстық жарыстың жеңімпазы. Наурыз айында облыстық «Айбын» байқауында №16 орта мектебінің командасы әскери-қолданбалы спорт түрінен II орын, сәуір айында №17 ОМГ-ның «Ақ жол» командасы жол қозғалысының жас инспекторлары слетінде облыстық бас жүлдені жеңіп алды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»: «Өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдіру педагог портфолиосында көрінетін педагог қызметінің ажырамас бөлігіне айналды», – деп, педагогтарға қойылатын талаптарды күшейту шараларын көрсетті. Осыған орай, аудан бойынша 389 мұғалім деңгейлеп оқыту бағдарламасы бойынша, жергілікті жерде 358 мұғалім – бастауыш сатыдағы қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілдері, 92 бастауыш сынып мұғалімдері жаңартылған білім беру мазмұны бойынша білімдерін жетілдірді. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ (дербес білім беру ұйымдары) Педагогикалық шеберлік орталығында жазғы уақытта 83 мұғалім қайта дайындықтан өтті.

Мұғалімдеріміз озат тәжірибелерін насихаттау мақсатында облыстық байқауларға белсене қатысты. №39 Т.Қожақеев атындағы ОМГ-ның бастауыш сынып мұғалімі Б.Темірғалиқызы облыстық

Б.Баубекова, №48 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі А.Құсембаева, №18, №44 орта мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдері С.Онбаева, О.Наушабаева, №34 орта мектебінің математика пәні мұғалімі Р.Күзембекова жүлделі орындарды иеленді және т.б.

Қазақстандық оқушылар әлемдік жаһандану үрдісінде өз орнын таба алу үшін жаңа реформалар жүзеге асырылмақ. 2016-2017 оқу жылында жалпы білім беретін ұйымдарда оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері келесі факторлармен негізделеді. 2016 жылғы 1 қыркүйектен бастап I-сыныптарда жаңартылған білім мазмұны енгізіледі. Елімізде үш тілде білім беруді дамыту бойынша кең ауқымды іс-қимыл жүргізу үшін 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасы әзірленді. Осы мақсатта қазақ, орыс, ағылшын тілдерін деңгейлеп оқыту бағдарламасында толықтырулар, өзгерістер жасалды. Сондықтан қазіргі уақытта ағылшын тілін білетін пән мұғалімдеріне қажеттілік жоғары. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 4 пәнді ағылшын тілінде оқытатын педагогикалық кадрларға сұранысты шешу мәселесі – күн тәртібіндегі басты мәселе. Сонымен бірге XXI ғасырдың жаңа жаһандық талаптарын ескере отырып, барлық балалар үшін сапалы білім беру мәселесі өзекті бола түсуде.

Ұлт жоспарының 89-қадамында «Мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламасына «Мәңгілік Ел» құндылықтарын енгізу» тапсырмасы белгіленді. Біздің алдымызда адамгершілігі жоғары азаматты және өз Отанының патриотын «Мәңгілік Ел» жалпұлттық патриоттық идеясының құндылықтары негізінде тәрбиелеу міндеті тұр. Осы орайда, аудандық білім бөлімінің «Мәңгілік ел» тәрбие және білім беру орталығы жоспарлы жұмыс атқаруда. Әр мектепте «Көшбасшылар мектебі»



День Конституции для казахстанцев большой праздник закона, который требует неукоснительного соблюдения. Конституция Казахстана отражает все важнейшие общественно-политические процессы, протекающие в стране, основополагающими принципами которых являются углубление демократии, верховенство закона.

## ФОРМУЛА СТАБИЛЬНОСТИ И СОЗИДАНИЯ

Значение Конституции в жизни граждан страны огромно, ведь в ней закреплены исходные принципы, функции и основы организации государства и общества. Этот правовой документ устанавливает пределы и характер государственного регулирования во всех сферах общественного развития. Конституция стала основанием свободы нашего народа. Она закрепляет весь тот комплекс наших побед, обретений, которые принесла Независимость.

По сути, действующая Конституция стала тем общественным договором, согласно которому государство взяло на себя обязательства по реализации и защите конституционных прав граждан, а граждане – ответственность за соблюдение Конституции и законов страны.

Такие взаимные обязательства создают прочную основу для дальнейшего успешного развития государства и общества, позволяя казахстанцам смело смотреть в будущее.

Конституция гарантирует равные права всем гражданам страны, независимо от происхождения, вероисповедания, политических взглядов, но в то же время, четко определяет обязанности, без которых невозможно строить правовое государство, формировать гражданское общество.

В нашей Конституции закреплено понятие «казахстанский патриотизм».

Его смысл заключается в честном суждении гражданской нации, безусловном исполнении обязанностей гражданина. Подлинный патриотизм начинается с верности, почитания и строгого выполнения Конституции. Именно это делает всех казахстанцев, какой бы этнической или религиозной принадлежности они ни были, единым народом.

Несомненно то, что в Основном законе РК нашли отражение важнейшие жизненные принципы, реализация которых направлена на благо человека, на всестороннее развитие, а также на совершенствование государственно-правового устройства.

Действующая Конституция и государство имеют достаточный потенциал для успешной адаптации правовой политики, законодательства и его применения к новой экономической ситуации и принятия необходимых мер для того, чтобы с минимальными потерями для общества пережить мировой кризис и выйти из него готовыми к новому активному развитию. Реализация принципов и норм Основного закона, адекватное времени ее толкование и реформирование по мере необходимости также будут способствовать этому процессу.

**Айзада СУАНКУЛОВА,**  
учитель СШ №5.

### Біздің міндет – халыққа қызмет

## БАРЛЫҒЫМЫЗ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫМЫЗ

Меркі аудандық тарихи-өлкетану музейінде жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру мақсатында үнемі жұмыстар жүргізіліп отырады. Ұжымда сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында үнемі әртүрлі іс-шаралар өткізіліп тұрады.



Жақында мұнда «Барлығымыз жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіліп, музей ұжымы осы тақырыпта өз ойларын ортаға салып, өзара пікір алмасты (суретте). Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлықтың қоғамға төндіретін қатері туралы да айтылды. Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін біздің басты мақсатымыз – құқықтық сауатсыздықты жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру.

Сондай-ақ, аталмыш жиында «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбымен арнайы плакат жасалып, ілінді. Музейге келушілерге патриоттық тақырыпта арнайы экскурсия жүргізілді.

Дөңгелек үстелде сөз алған Ф.Битуева «Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін әрқайсымыз өзімізден бастап, патриоттық сезімді дамытуымыз керек» – дей келе өз ойын ортаға салды.

Ал, Ш.Туғанбаева осы мәселені түсіндіру жұмысының деңгейін жақсартып, сыбайлас жемқорлықпен күресу басқармасының сенім телефондарын әр адам білуі керек деп жеткізді.

Бұдан кейін сөз алғандар да мемлекеттік қызметшілердің адамгершілік және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптарды жоғарылату, еңбек қатынастарының бұзылуына жол бермеу, қызметкерлердің әрбір өтінішін қарау туралы өз ойларын ортаға салды.

«Жемқорлық – індет, оны жою – міндет» – демекші, ең басты мәселе – барлығымыз әр ісімізді үлкен жауапкершілікпен атқарып, қоғамға кесірін тигізетін қатердің алдын алып, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуіміз керек.

**М.АМИЕВА,**  
Меркі аудандық тарихи-өлкетану музейінің директоры

## ОБНОВЛЕНИЕ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ: ОРИЕНТАЦИЯ НА БУДУЩЕЕ

Для учителей, наверное, самый главный момент – это конец учебного года и начало. Большие ожидания они возлагают на традиционную августовскую конференцию. Здесь опытные учителя рассказывают о своей работе, много говорят о том, в каком направлении будут работать в этом году, что изменится и какие ставятся задачи в новом году. Президент страны говорит, что мы должны воспитывать одаренных детей, коммуникабельных, которые могли бы реализовать себя в жизни. И педагоги района должны воплощать в жизнь эти задачи.

**Ольга МАЗУР, Расул МАЛЛАБАЕВ (фото), "Меркі тынысы".**



24 августа 2016 года в СШГ №39 им. Т.Кожакеева состоялось августовское секционное совещание работников образования, прошедшее на тему: «Білімді ел – мәңгі ел», посвященное реализации целей общенациональной патриотической платформы «Мәңгілік ел». Обращаясь с приветственным словом к педагогам района заместитель акима района Р.Касымов отметил, что на сегодня главная задача – исполнить поручение Президента РК и поднять казахстанское образование на уровень 30 наиболее развитых стран, при этом сохранив нашу казахстанскую идентичность, развивая государственный язык, развивая платформу «Мәңгілік ел». К словам заместителя акима района Р.Касымова присоединились руководитель райОО С.Сененов, заместитель руководителя райОО Г.Танатова, председатель профсоюзного комитета работников образования Г.Кажигалиева, директор СШГ №39 К.Сейткулова, которые также поздравили участников конференции с началом нового учебного года и отметили основные направления преобразований, которые проводятся в области дошкольного воспитания, среднего образования (на снимке). Также было уделено внимание вопросу о переходе на трехязычное обучение. Введение преподавания на трёх языках будет осуществляться поэтапно и, в первую очередь, в 10-11 классах, начиная с 2019 года. Всего в СШГ работало 28 секций, приняло участие около тысячи работников системы образования со всех школ района.

На секции директоров обсуждались итоги прошедшего учебного года и планы, говорилось о необходимости повышения качества образования, о том, что нужно руководствоваться идеями, которые предлагает Президент страны в Послании «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана». Что необходимо внедрять в учебный процесс обновленное содержание образования, современные методики и технологии, стремиться обучать детей в соответствии с требованиями мирового стандарта. Были рассмотрены методические рекомендации Министерства образования и науки Республики Казахстан. Интересно была организована работа секции

учителей математики, провели которую методист райОО М.Садыбаева и руководитель секции, учитель математики СШ №9 Н.Байтанаева. На секции с докладами на тему «Тематические электронные тесты по проверке усвоения знаний, умений и навыков за основной курс по математике» выступила учитель математики СШ №44 Л.Нечаева, панорамные уроки на темы: «Положительные и отрицательные числа» и «Показательная функция, ее свойства и график» учителя СШ №48 Ю.Кулакова и

уровне прошла работа секции учителей русского языка и литературы, проведенной в форме «круглого стола» по теме: «Методика проектирования современного урока русского языка и литературы в условиях поликультурного и полиязычного образования». Дала старт работе секции, выступив с отчетом о проделанной работе за 2015-2016 учебный год методических объединений учителей русского языка и литературы, проведя анализ ЕНТ по русскому языку и литературе за 2015-2016 год, методист райОО М.Асанжанова. На изучении инструктивно-методического письма на 2016-2017 годы остановились учитель СШГ №39 М.Александрович и учитель СШГ №17 Р.Сымтыкова. Тему актуальных вопросов по обновлению содержания среднего образования Республики Казахстан по предмету «Русский язык» подняли учителя СШ №19 А.Умаркулова и СШ №18 В.Медетбекова, о работе с текстом как основном способе развития функциональной грамотности чтения рассказала учитель СШГ №17 Н.Каймалакова, по вопросам изучения Государственной программы по развитию образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы выступила учитель СШГ №39 Н.Кириченко. Выставку методических идей «Роль дидактического материала на уроках русского языка и литературы при повышении качества знаний учащихся» представили учителя СШ №1 Ж.Тушмаева, СШ №7 Б.Айжарыкова, СШ №13 Г.Даниярова.

В завершении руководитель секции Н.Каймалакова, учитель СШГ №17 подвела итоги работы секции. Также активно работали секции учи-



СШ №20 Е.Андрянова.

Плодотворная работа была проведена на секции начальных классов, прошедшей по теме: «Обновление образовательной среды начального образования: новые стратегии обучения, новая система оценивания», которую открыла руководитель секции, учитель начальных классов СШ №20 Г.Медетова. Во время работы секции учитель СШ №21 Ж.Кадырова рассказала об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2016-2017 учебном году. Учитель СШГ №17 им. Трубицына Г.Жамбабаева остановилась на педагогических подходах обучения в контексте обновленного содержания начального образования.

С докладами на темы: «Функциональная грамотность в начальной школе при обновленном подходе обучения» и «Обновление содержания образования: «Ориентация на будущее» выступили учителя СШ №9 им.Саввы Ж.Абдукаримова и СШГ №39 А.Чотпаева. На хорошем

телий химии, руководитель секции, учитель СШ №1 Н.Игенбек, биологии, руководитель, учитель СШГ №17 А.Турарова, а также секции психологов, учителей информатики, технологий, физической культуры, эстетического воспитания, музыки, английского языка, учителей физики, химии и др.

Участники конференции (на снимке) не только выступали с докладами и делились с коллегами достижениями и идеями, в секционных заседаниях использовали и интерактивную форму работы, такие как «круглый стол», деловая игра и тренинг. Получился живой и интересный диалог.



# ИЗМЕНЕНИЯ В НАЛОГОВОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ, КАСАТЕЛЬНО ПРОВЕДЕНИЯ НАЛОГОВЫХ ПРОВЕРОК

**Законом РК от 29 декабря 2014 года № 269-V «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам кардинального улучшения условий для предпринимательской деятельности в Республике Казахстан» внесены существенные изменения в части проведения налоговых проверок, ликвидации предприятий и ИП.**

Предоставлена возможность закрытия по результатам аудиторской проверки. Законом введена в Налоговый кодекс новая статья 37-2 «Особенности исполнения налогового обязательства отдельными категориями ликвидируемых юридических лиц-резидентов и индивидуальных предпринимателей, прекращающих деятельность по результатам аудиторского заключения по налогам».

Согласно данной статье могут воспользоваться данным порядком исполнения налогового обязательства юридические лица-резиденты и индивидуальные предприниматели, прекращающие деятельность, которые одновременно соответствуют следующим условиям:

1) общая сумма совокупных годовых доходов, с учетом корректировок ликвидируемого юридического лица или индивидуального предпринимателя, прекращающего деятельность, за пери-

од срока исковой давности составляет не более 60000-кратного МРП, установленного законом о республиканском бюджете и действующего на 1 января соответствующего финансового года;

2) имеют в наличии аудиторское заключение по налогам, составленное аудиторской организацией, не более чем за двадцать календарных дней до даты предоставления в орган государственных доходов, налогового заявления о прекращении деятельности.

По результатам аудиторского заключения по налогам, обязательства подлежат исполнению в течение десяти календарных дней со дня, следующего за днем вручения аудиторской организацией аудиторского заключения по налогам.

Юридическое лицо-резидент, индивидуальный предприниматель представляют перечень обязательных документов в органы государственных доходов по месту своего нахождения.

Орган государственных доходов не позднее 10 рабочих дней со дня получения этих документов, обязан осуществить камеральный контроль.

В случае выявления налоговыми органами нарушений по результатам камерального контроля ликвидируемому юридическому лицу или индивидуальному предпринимателю, прекращающему деятельность, вручается уведомление об устранении нарушений.

Проведение налогового аудита аудиторской кампанией не отменяет контроль со стороны органов государственных доходов.

Органы государственных доходов проводят камеральный контроль аудиторского заключения и в случае выявления нарушений отправляют уведомление и в случае неисполнения уведомления или несогласия с ним проводят документальную проверку ликвидируемого юридического лица или индивидуального предпринимателя.

**С.АЛЬМЕНОВА,**  
руководитель отдела Управления государственных доходов по Меркенскому району

# МЕРЫ БЕЗОПАСНОСТИ НА ВОДНЫХ ОБЪЕКТАХ В ЛЕТНИЙ ПЕРИОД

Каждому человеку следует помнить, что купаться в неистовых водоемах и не обследованных местах опасно!

Место купания должно иметь пологое, песчаное, свободное от растений и ила дно, без резких обрывов вблизи берега;

– умеющие хорошо плавать и нырять должны убедиться в том, что в воде и, тем более, близко у берега, нет затонувших деревьев, старых свай, коряг, острых камней (как на глубине, так и у поверхности воды);

– в зоне купания, особенно на реках, не должно быть сильного течения, водоворотов, холодных подводных ключей, которые могут привести к судорогам в ногах и руках.

**Внимание! На не оборудованных местах отдыха на водных объектах имеются затонувшие деревья, старые сваи, коряги, острые камни, каменные гряды и отдельные валуны, часто скрытые небольшим слоем воды и находящиеся в самых неожиданных местах, в том числе и далеко от берега.**

Одной из самых серьезных угроз для жизни людей является купание в состоянии алкогольного опьянения.

Всем гражданам, отдыхающим у водных объектов, необходимо соблюдать основные правила поведения.

**На пляжах и в других местах отдыха купающимся на водоемах запрещается:**

- купаться в местах, где выставлены щиты (аншлаги) с предупреждающими и запрещающими знаками и надписями, заплывать за буйки, обозначающие границы плавания и санитарную зону водохранилищ;
- подплывать к моторным, парусным, весельным лодкам и другим плавательным средствам;
- прыгать в воду с катеров, лодок, причалов, а также сооружений, не приспособленных для этих целей;
- загрязнять и засорять водоемы и берега;
- распивать спиртные напитки, купаться в состоянии алкогольного и наркотического опьянения;
- приводить и купать собак и других животных в места отдыха людей на водных объектах;
- оставлять на берегу, в местах для переодевания мусор;
- подавать сигналы ложной тревоги;
- играть с мячом и в другие спортивные игры в не отведенных для этой цели местах;

– не допускать действия, связанные с нырянием и захватом купающихся;

– плавать на досках, бревнах, лежаках, автомобильных камерах, надувных матрасах и других, не приспособленных для этого, средствах;

– ловить рыбу в местах купания;

– заезжать на территорию отдыха людей на водных объектах на всех видах автотранспорта.

**Каждый гражданин обязан оказывать посильную помощь людям, терпящим бедствие на воде.**

**Особое внимание взрослые должны уделять детям во время отдыха на водоеме!**

Взрослые обязаны не допускать купания детей в непроверенных и неустановленных местах, плавания на непригодных для этого средствах, игр и шалостей в воде и других нарушений правил безопасности на воде. Купание детей, особенно – малолетних, проводится под непрерывным контролем взрослых.

В детских оздоровительных лагерях и других детских учреждениях, расположенных у водоемов, участок для купания детей (пляж) должен выбираться по возможности у пологого песчаного берега, без обрывов, до глубины 2-х метров.

На пляжах детского учреждения оборудуются участки для обучения плаванию детей дошкольного и младшего школьного возраста, глубиной не более 0,7 метра, а также для детей старшего возраста глубиной не более 1,2 метра. Дети, не умеющие плавать, должны купаться отдельно. В местах, глубиной до 2 метров, разрешается купаться хорошо умеющим плавать детям, в возрасте 12 лет и старше.

Купание детей разрешается проводить группами, не более 10 человек и продолжительностью не более 10 минут. Ответственность за безопасность детей возлагается на инструктора по плаванию.

**Во время купания детей на участке ЗАПРЕЩАЕТСЯ:**

- купание и нахождение посторонних лиц;
- катание на лодках и катерах на акватории пляжа;
- проводить игры и спортивные мероприятия.

**Б.НОГАЙБАЕВ,**  
старший инженер отдела ЧС Меркенского района, капитан гражданской защиты.

# ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АБОНЕНТОВ ОТАУ TV

**ОТАУ TV**  
Intelsat  
KazSat-3

**ПЕРЕНАСТРОЙТЕСЬ на казахстанский спутник**  
до 01.09.2016г  
и получите гарантированный подарок!

www.otautv.kz ☎ 193, 8 (727) 2581 500 ☎ 7193

**Уважаемые абоненты!** Сообщаем вам, что АО «Казтелерадио» переходит на новый казахстанский спутник KazSat-3. Переход на спутник KazSat-3 предоставит зрителям смотреть дополнительные каналы, а также появится возможность просмотра HD-каналов.

В связи с этим, период перехода запланирован с мая по сентябрь 2016 года. Вам необходимо заблаговременно обратиться к монтажным бригадам, дилерам для осуществления настроек оборудования, либо самостоятельно произвести перенастройку спутникового оборудования «ОТАУ TV».

При этом, стоимость за услуги по перенастройке оборудования на спутник KazSat-3 составляет не более 2000 (двух) тысяч тенге.

В случае, если вы уже перенастроили антенну и приемное оборудование на KazSat-3 и не были подключены к подарочному просмотру платного пакета, сроком на один месяц, то вам необходимо позвонить по телефонам: **8-7262-52-66-18 (круглосуточно), 8-7262-42-73-55 (9.00-18.00 ч.)**. При дозвоне по этим телефонам вам необходимо будет сообщить: номер приемника, Ф.И.О., адрес установки оборудования, ваш контактный телефон, ваш ИИН.

Полученная информация будет оперативно обработана сотрудниками и вам предоставят возможность просмотра платного пакета на один месяц.

**Айгүл Түлек**

Салық саласында 27 жылдай еселе еңбек атқарып келе жатқан, білікті де білгір маман, жаны жайсаң, мейірімді жан **Расулова Жәмила Ергешқызын 30 тамызда 50 жасқа** толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Қымбатты Жәмила Ергешқызы! Сізге осындай мерейлі, қуанышты күні мықты денсаулық, ұзак та баянды ғұмыр, көтеріңкі көңіл-күй тілейміз. Сіз адамгершілік қасиеті мол, ұжым арасында сыйлы, әрбір ісін үлкен жауапкершілікпен атқаратын білгір мамансыз. Отбасында да жақсы жар, аяулы анасыз. Өсіріп отырған ұлдарыңыз бен қызыңызды, сүйікті немерелеріңіздің қызығын көріңіз. Биік белестерді бағындырыңыз. Әрбір атқарған игілікті істерде қанатыңыз талмасын. Қуанышты күндеріңіз көп болсын. Шаңырағыңыздан шаттық кетпесін. Жасыңызға жас қосылсын.

**Ізгі ниетпен: МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ.**

**ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – АДАМГЕРШІЛІК БЕЛГІСІ**

**Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Жанашырлыққа – жан риза» – дегендей мүмкіндігі шектеулі, жетім, қамқорлыққа алынған балалардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске атсалысу әрбір адамның азаматтық парызы.**

Адам өміріндегі ең игі істердің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды. Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам басады.

«Жылуы жоқ үйден без, – қайырымдылық, адамгершілікті биік ұстап, кісілікті ту етіп, қолдауды қажет ететін жандардан жылы лебізін аямай, қолдан келген жәрдемің ұсынып, жылы пейілдерін танытуға әрдайым дайын тұратын азаматтарымыз біздің ауылымызда да баршылық.

«Қариясы бар ел – дариясы бар ел», – деп халқымыз бекер айтпаса керек.

Меркі ауданының Құрметті азаматы, Ақ жол ауылының көпшілікке сыйлы қариясы Жарылқасын Әбжапаров жыл сайын өтетін «Мектепке жол» республикалық акциясына өз үлесін қосып келеді. 2014-2015 оқу жылында 12 оқушыға мектепке қажетті оқу құрал жабдықтарын тарту етсе, 2015-2016 оқу жылында 4 оқушыға мектеп формасын сыйға тартты. Ардақты атамның жасаған игі ісі жалғасын тауып, «Самрат» жеке шаруа қожалығының президенті Р.Әбдрахманов 6 оқушыға мектепке қажетті заттарын алуға қаржылай көмек ұсына, «Райқұл» шаруа қожалығының қызметкері Б.Есеев көпбалалы отбасынан шыққан

көмекке мұқтаж оқушыларға оқу құрал-жабдықтарын сыйға тартты. Ауыл ақсақалы О.Байжанов толық емес отбасынан шыққан 1 оқушыны және ауыл имамы Н.Тайтелиев 2 оқушыны мектеп формасымен қамтамасыз етсе, ауыл азаматы А.Райымжанов пен ауылдық клубтың меңгерушісі Д.Рахимов 1 отбасына оқу құрал – жабдықтарын сатып алуға көмек көрсетті. Осындай көмек қолын созған азаматтарға шын ниетімізбен шәкірттер атынан алғысымызды білдіреміз.

Сондай-ақ, «Мектепке жол» республикалық дәстүрлі жыл сайынғы акциясы жалғасын тауып, демеушілік көрсететін азаматтарымыздың саны артады деген сенімдеміз.

№15 Жауғаш батыр атындағы орта мектебінің ұжымы «Бақытты балалық шақ!» ұранымен өткізіліп жатқан қайырымдылық акциясына белсене атсалысып, мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы, толық емес отбасынан шыққан балаларға өзіңіздің аялы алақаныңызбен көмек қолын созып, мейірімге толы жүрегіңізбен өз үлесіңізді қосады деп сенім білдіреді. Сіздің берген көмегіңіз үшін шәкірт жүректері қуанышқа толары сөзсіз.

**Қ.НУРОВА,**  
№15 Жауғаш батыр атындағы орта мектебінің әлеуметтік педагогы.

**СЧИТАТЬ НЕДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ**

свидетельство о праве на наследство по закону (на неимущественные права и обязанности) наследодателя, существование которых не прекращается с его смертью, зарегистрировано в реестре за №12, выданное 5 января 2016 года на имя Бактыбая Пшановича Нусупова в связи с утерей.

**ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛСЫН**

Малик Халикулының атына берілген уақытша (ұзақ мерзімге, қысқа мерзімге өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін №455497, кад. №06-092-086-449 (жер учаскесінің алаңы: 0,2024 га) мемлекеттік акт жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

**ИЗГОТОВИМ**  
пластиковые окна, двери, витражи. Европейское качество.

**ПРОДАМ**  
пескоблоки – простые, рваные, стенные.  
Обращаться по тел.: **87013731408.**

Открылось наследство после смерти Сейтова Нурбека Даулетовича, умершего 3 июня 2016 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение шести месяцев со дня открытия наследства к нотариусу Н.Суянчалиевой по адресу: с. Мерке, ул. Мусабеева, 2 «а», напротив БТА банка.

Открылось наследство после смерти Дадабаева Набижана Турсынбаевича, умершего 17 марта 2016 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение шести месяцев со дня открытия наследства к нотариусу Н.Суянчалиевой по адресу: с. Мерке, ул. Мусабеева, 2 «а».

**МЕРКІ ТЫНЫСЫ**  
Меркенский вестник

**Директор – Бас редактор Әтіркүл ИСАЕВА**  
vestnik-merke@mail.ru

**Меншік иесі:**  
"Меркі тынысы" - "Баспасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Индекс: 080500, Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Ә.Ысмайылов көшесі, №349.**

**Телефондар: Бас редактор – 4-07-33 (факс.), бөлімдер – 4-07-35; 4-07-58; есепші – 4-07-34**

Газет аралас – қазақ және орыс тілдерінде аптасына 2 рет – сәрсенбі, жұма күндері шығады. Редакция авторлардың көзқарасы үшін өзіне жауапкершілік жүктемейді. Газет ЖҚ ЖТО «Али ЗА» баспа орталығында басылған. Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би көшесі №36

Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасыз басылмын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы КҰӘЛІК №14047-Г Астана қаласы, 24.12.2013 жыл.

● КЕЗЕКШІЛЕР: Р.Маллабаев, О.Мазур ● ТАРАЛЫМЫ: 2584 дана